

**ЭКОНОМИКАНЫ
МОДЕЛЬДЕУДІҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ
САУАЛДАРЫ МЕН
МӘСЕЛЕЛЕРІ****ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ
ПРОБЛЕМЫ И
ВОПРОСЫ
МОДЕЛИРОВАНИЯ
ЭКОНОМИКИ****THEORETICAL
PROBLEMS AND THE
QUESTIONS OF
MODELING OF THE
ECONOMY****Қазақстан әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа белестерінің басты бағыты****Ө.Қ. Шеденов, Н.Ө. Шеденова**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Түйін. Мақалада Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» жолдауына көрсеткен он негізгі бағыттарының маңыздылығы қаралады.

Қазақстан жаңғырту үдістерінде келешегінің келбетін қалыптасыра отырып, әлеуметтік құрылымының негізгі басымдықтарын сақтап келеді. Биылғы жолдауда әлеуметтік-экономикалық жаңғырту экономиканың дамуын, халықтың әлауқатын жақсартуға бағытталған. Бұл тезис жаңа даму кезеңінің айқындалушысы болып табылады. «Қазақстанға экономикалық жетістігінен қоғамның игілігін қамтамасыз ету арасында оңтайлы теңгерімді табу аса маңызды», - деді осы орайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев.

Дамуда қоғам игілігі категорияларының өз анықтамасы бар және олар көп жағдайда халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайымен байланысты қаралып, халықтың жан басына шаққандағы базалық экономикалық көрсеткіштерінің есебімен айқындалады. Сонымен қатар, қоғам өмірде игіліктерді ұдайы толықтыратын әлеуметтік кеңістік басты орын алады. Аталған кеңістік белгілі мөлшерде дамудың (қозғалыстың) сипаты мен мазмұнын анықтайды. Қазақстан Президентінің халыққа жолдауында осы тұрғыдан белгіленген он бағыт қоғам назарын дамудың ішкі ресурстарына ерекше көңіл аударуға мүмкіндік береді. Мұнда он бағыт бойынша дамудың нақты жолдары белгіленіп, оны орындаудың тиісті әдістері мен мүмкіндіктері айқындалған. Экономиканы дамыту, ілгерілету әншейін мақсат емес, ол тікелей елдің әлеуметтік жағдайын, өмір сүру сапа-

сын жаңа деңгейге көтеруге қызмет етуге тиіс.

Биылғы 16-шы рет арнап отырған Жолдауда «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» қол жеткен табыстарды алға шығарып, дабырайтып тоқмейілсу жоқ, керісінше, істелетін нақты істерді санамалап, жүйелеп көрсету басым.

Осынысыменде Жолдаудың мәтіні халыққа ұғымды, әрі көңілінен шығады.

Қазіргі әлемді торлап тұрған экономикалық-қаржылық дағдарысқа қарамастан, еліміздің күшқуатын, әлеуметтік әлеуетін арттыруға бағытталған. Елбасының оптимистік ірі жобалары халықтың ертеңгі күнге деген сенімін арттыра түседі, әсіресе, Қазақстандықтарды жұмыспен қамту жөніндегі бірінші бағыт, әрбір отбасы үшін ең көкейтесті қажеттілік болып табылады.

Ауылдық жерлерде жұмыссыздық деңгейі әлі де болса бізде жоғары. Осыған орай көрсетілген бағдарлама бойынша биылдан бастап, кең ауқымда жүзеге асырылмақ. Бұл бағдарлама бойынша 2020 жылға қарай 1,5 миллион сапалы еңбекпен қамтамасыз етілмекші. Кәсібі жоқтарды тегін оқыту арқылы мамандық беру, жұмысқа орналастыру, керек болса жұмыс қолын керек ететін үлкен өндіріс орындарына орналастыру жайы ескерілген. Мұның өзі еңбек адамына деген мемлекеттің үлкен қамқорлығы болып табылады.

Бізде, әсіресе, адам әлеуетінің сапалы өсуі

«патриотизмге, мораль мен парасаттылық нормаларына, ұлтаралық келісім мен толеранттылыққа, тән мен жанның дамуына, заңға мойынсұнушылыққа» негізделуі керек. Бұл Елбасы ерекше атап өткен өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзегіне айналуы тиіс негізгі базалық құндылықтар. Қазіргі өлшемдегі қазақстандықтардың құндылықтар иерархиясында өз құрылымы бар және ол қоғамның өмірлік бағыттарын айқындайды.

Өркениеттің өріне өрлеп бара жатқан жолда еліміздің болашағы, екіншіден, қолжетімді баспана жайы нақты шешім таппақ. Тұрғын үй құрылысы соңғы жылдары көп ілгері басты. Бірақ пәтер алуға әл-ауқаты төмен, не табысы орташа отбасыларының қолы жетпеді. Салынған үйлерге негізінен ауқаттылар, қаржысы мол жандар ие болды. Бағдарлама бойынша, ендігі жерде жылмажыл салынатын 6 миллион шаршы метр тұрғын үйдің 1 миллионы жас отбасылары мен табысы шағын отбасыларына берілмек. Олар үйді ұзақ мерзімге жалға алады немесе қаржы табылғанда сатып алады. Енді «Қолжетімді баспана - 2020» бағдарламасына сай жүзеге асырылатын болады.

Осы екі бағыттың екеуі де жұмыс орындарын көбейту және қолжетімді пәтер мәселесі де халықты әлеуметтік жағынан қамтамасыз етуге қызмет етпекші.

Ал өңірлерді дамыту жөніндегі Елбасының «Қуатты Қазақстан дегеніміз – ең әуелі өңірлердің қуаттылығы» деп көрсеткен үшінші бағытта елдің болашағын ойластырудан туындайды. Ендігі жерде мемлекеттік саясат өңірлерді біркелкі дамытуды көздегенмен, ауа райы, табиғат жағдайы, табиғи ресурстардың шоғырлануы жағынан және су, жылу, байланыс-қатынас артерияларына жақындығы жағынан адамдардың тіршілігіне қолайлы, келешегі мол аймақтарға қарай шоғырлануына назар аудармақ. Тіршілікке оңтайлы өңірлерде халықтың жиі қоныстануына, біртіндеп мемлекет қамқорлық жасауға міндетті.

Осыған орай жыл ортасына дейін Үкімет жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіру тұжырымалы жобасын бітіру керек. Мұнда бір салаға немесе жалғыз ірі кәсіпорынға ыңғайластырған шағын қалаларды дамыту жағдайы қарастырылмақшы. Қазір елімізде 60-астам шағын қалалар бар, олардың тұрғындарының еңбекпен қамтылуы, әлеуметтік қажеттерінің өтелуі ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Ал бұрын да бұл қалалар дамыған, соңғы кезде әр жерде биліктің басқару саясатының ескіргені, тұрпайы тәсілдерінен әлі де арылмағанын көрсетуде.

Өйткені, билік жергілікті жағдайды нашар біледі, сараптамалық талдау, саяси ахуалды зерттеу жоқ, психологиялық ахуалды білмейді. Билік

пен халық арасындағы байланыс әлсіз.

Нарықтық экономика кезіндегі кемшіліктерді түзетуге жергілікті басшылықтың талпынысы жоқ, ал көп жерде шетелдік қожайындармен тең деңгейде пікір таластыруда, жергілікті халықтың мүддесін қорғауда дәрменсіз.

Тек тәуелсіздігіміздің арқасында Орталық пен Өңірлердің қатар дамуына көше бастадық. Ол тек билік тұрғысынан емес, экономикалық, рухани-мәдени әлеуметтік мүмкіндігі жағынан да халықтық әл ауақаты, тұрмыс сапасы жағынан да. Оның алғашқы үлгісі ретінде Астананың дамуы арқылы өркендеген облыс орталықтарын айтуға болады. Әрине, әлі де жеткіліксіз. Қайткенмен де, әсіресе, соңғы он жылда бұл бағытта бұрын-соңды болмаған орасан зор қадам жасалғанын үлкен әлеуметтік жетістігіміз, жеңісіміз деп тануымыз керек. Қазір Астанада салынған төрт, бес жұлдызды қонақ үйлер, мега-орталық, театрлар, тұрғын үйлер, спорт, оқу, мәдени кешендері обылыс орталықтарында да тұрғызылып, бой түзеп, ел игілігіне қызмет етуде.

Өркениетті дамыған елдерде Орталық пен Өңірлердің арасындағы тұрмыстық, әлеуметтік деңгей мейлінше жақындастырылған. Мәселен, АҚШ-тың әрбір штаты өзінің даму мүмкіндігі жағынан жеке-жеке мемлекетке татырлық. Сол сияқты Германияның өңірлері (жерлері) де орталықпен мейлінше тең дәрежеде дамыған. Қазір Қытай провинциялары бір кездегі мешеуліктерін еңсеріп, астанасы Пекинмен иін тіресіп тұр. Ал Шанхай қаласы экономикалық, білім, ғылым, мәдениеті, технологиясы, халқының саны жағынан Пекиннің екі өлшеміндей дәрежеге жетті.

Осыдан Елбасы өңірлер туралы тұжырымға әлемдегі дамыған елдер тәжірибесін зерттеу арқылы келіп отырғаны да хақ. Сондықтан биылғы Жолдауда Елбасы экономиканың Өңірлерде жаңа салаларын дамытудың ұлттық экономиканың өркендеуіне жол ашатынын жекелей өндірістік салаларды ынталандыруды, яғни, оларға ерекше көңіл бөлуді тапсырды.

Өңірлерді дамыту – осы Жолдауда ерекшеленген он бағыттың барлығын қамтитын өте күшті, әрі болашағы зор тұжырым. Өңірлерді дамыту бағыты Елбасының индустриялық-инновациялық даму жобасымен қатар тұрған маңызды мақсат екенінде ешкімнің де шүбәсі жоқ.

Төртінші, бесінші және алтыншы бағыт бойынша мемлекеттің халыққа қызмет ету сапасын жақсарту және осыған орай мемлекеттік басқарудың кәсіби мамандарын даярлау, жаңа заманға лайық мемлекеттік менеджерлердің саяси тобын қалыптастыру қолға алынбақшы. Басқаруда кадр жасағын дұрыс іріктеуді және кадр жасағын ірік-

тегенде кандидатуралардың кәсіби дайындығы мен қабілеттерін ескерумен бірге, олардың отаншылдық сезім деңгейі, елін, жерін сүю, ұлттық мүддеге шын берілгендігі, мемлекетшілік қасиеттері басты өлшем тиістігін ескертті. Жақсы саяси басшы болу үшін көп тілді білу де жеткіліксіз, олардың бойында аталған адами сапалар басым болуы абзал. Сонымен бірге, Жолдауда сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғыртуға үлкен мән берілген. Осыған орай құқық қорғау және арнаулы органдардың сапалық құрамын жақсарту атап көрсетілген.

Сондай-ақ, құқық қорғау жүйелерінде халықты еңбекпен қамту және жастарды жұмысқа орналастыруда дұрыс тәрбиелік тәртіптерді сақтау. Бір тұтас экономикалық кеңістік аясында елімізге келетін мигранттардың әлеуметтік сақтандыру мәселесін ұлттық заңнамада қарастыру керектігін айтып, заңнамада әлеуметтік сақтандырудың әралуан түрлері қарастырылуы қажет екенін атап көрсетті.

Жолдаудың ізгілікті мақсаттарының барлығы да адам өмірін жақсарту үшін екендігі әрбір бағыты, әрбір сөйлемінде тұр. Сол мақсаттар мен межелерге жетуді жүзеге асыратындар да тек адамдар. Сондықтан да Жолдаудың жетінші бағыты елімізде адами капиталдың сапалы өсуіне, адамдардың білімі мен денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге арналған. Шын мәнінде қазіргі жаһандық ақпарат жүйесі мен ғаламтор, компьютерлік құбылыстар ешқандай теңдесі жоқ ғажап дамыған заманда денсаулық пен білім беру жүйелері түбегейлі өзгеріске ұшырап жатқанын көзімізбен көріп жанымызбен, санамызбен қабылдап жүреміз. Көптеген қызмет түгелдей дерлік компьютерленіп, мектеп жасындағы жасөспірімдер тәуліктің жарық күнін қозғалысыз электронды құралмен өткізетін болды. Сөз жоқ бұл технологиялық жетістік. Мұндай жетістік адамдардан күшті денсаулықты да талап етеді.

Халыққа медициналық қызмет сапасы артылып, жаңа медициналық орталықтар, ауруханалар құрылысы еселеп көбеймек. Осыдан біраз жыл бұрын елімізде жүрекке операция жасау бірлі саран болатын. Қазір Астанада, Алматыда, барлық облыс орталықтарында жүректі емдеу емханалары жұмыс істеп, жыл сайын мыңдаған адамдардың өмірін ұзартуға тікелей септігін тигізуде. Ендігі жерде салауатты өмір салтын қалыптастырып, адамдардың өз денсаулығына деген көзқарасын өзгерту шарт. Санамыз науқастанудың тиімсіз екендігін түсіну керек. Дене шынықтыру, спортпен шұғылдану жаппай қанат алуы тиіс. Бізде қазір спорт кешендері аз емес, ал олардың халыққа тиімді пайдалану жолдары нашар

дамыған. Мектептер мен кешендерде және оқудан тыс кезінде жасөспірімдерге арналған ұйымдастыру жұмыстары нашар дамыған, бағалары қымбат т.б. Әсіресе, мектеп жасындағы балалардың теледидар және компьютердің алдынан қозғалмай, ұзақ сағаттар отыруға бейімделгендігінен көзілдірік киетіндігі, бел, арқа омыртқаларының қисық біткендіктерінен әлсіздікке ұшырап жатқандықтарын ескере бермейміз. Әскери медициналық комиссиялардың айтуынша, 17-18 жастағы ер балалар арасында құрамы 30-40 пайызға жуығының денсаулықтарында осындай кінәраттар бар. Мұның бәрі қозғалыстың болмағандығынан.

Халықтың әлеуметтік жағынан қамтылуын жаңғырту үдемелі индустриялық-инновациялық жобаларды жүзеге асырумен тікелей байланыста. Индустриялық-инновациялық даму экономиканы әртараптандыру арқылы, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ететін болады. Сондықтан да жолдауда бұл тоғызыншы бағыттағы нақты нысандар белгіленген. Тек, былтырғы жылдың өзінде 970 миллиардтан аса 288 жоба іске қосылды.

Осының нәтижесінде 30-мыңнан астам тұрақты жұмыс орны ашылды.

Ал биылғы жолдауда шикізат ресурстары мен инфрақұрылымдық жоғары бөлісу салаларында жаңа ғаламат жобалардың ашылуын жария етті. Мысалы, Балқаш жылу электр станциясы, «Батыс Еуропа – Батыс - Қытай» транзиттік автожолы, «Жезқазған-Бейнеу», «Арқалық-Шұбаркөл» жаңа темір жол құрылысын салу, Жамбыл обылысындағы кешенді минералды тыңайтқыш өндірісін дамыту, Қарашығанақ газ өңдеуі, Атырау мұнай өңдеу зауытын, Атырау газ және химия кешенін жаңа қуаттылықта іске қосу көзделеді. Бұл жобалардың көпшілігі жөнінде инвестиция мәселелері шешілген, қалғандары бойынша шешімдер әзірленбек. Осыған орай бюджетті қайта қарау ұсынылды. Ұлттық қордан несие алу мәселесі де шешілетін болды. Себебі бұл жобалар біздің экономикамыздың және еліміздің бейнесін өзгертетіні анық. Біз 2015 жылға қарай табысы жоғары елдердің қатарына қосылуды көздеп отырған елміз. Бірлігімізді сақтап, осылай еңбек ететін болсақ, ол мақсатқа да жететініміз сөзсіз.

Қазақстан жағдайында ауыл шаруашылығын дамытудың маңызы зор. Бөлшек сауданы делдалдарсыз жүргізуі де көп нәтиже бермек. Мал шаруашылығын, әсіресе, қой шаруашылығын дамытуға аса көңіл бөлінетін болады. Мұның бәрі елдің экономикалық қуатын арттыруға, әлеуметтік жағдайын жаңғыртуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Нұрлы болашақтың бағдары айқын деуге болады. Ендігі мәселе – осы халыққа берері мол ша-

ралардың тыңғылықты жүзеге асырылуы. Қазіргі жетістіктеріміз, келешектегі алар асуларымыз бен толағай табыстарымыздың табан тірейтін тұғыры екеніне көз жетті. “Ынтымақты елдің болашағы берекелі” - демекші, елімізде саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім салтанатын құрып, Тәуелсіздік Туы биікте желбіресін демекпіз. Жолдауға арқау – Елбасының сарабдал саясаты, ел болашағының бағдарламасы. Біздер осы бағдарламаны жүзеге асыруға ат салысу арқылы еліміздің болашағының гүлденуіне, өміріміздің жарқын болуына үлес қоса отырып жүрегімізбен сезініп, ортақ мақсат жолында жұмыс істеуіміз керек. Сонда ғана өміріміз мәнді, тұрмысымыз сәнді болмақ.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлы

Қолбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты». «Егемен Қазақстан» газеті, №42, (27114), 28 қаңтар, 2012 жыл, 1-бетте.

2. Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл: Реформалар, Бағдарламалар, Нәтижелер, Кеңестер. - Алматы, 2011 – 320б.

3. Шеденов У.К. Теоретико-методологические основы государственного регулирования экономического развития региона с позиции нового инвестиционного подхода. «Приоритеты индустриально-инновационного развития экономики и современной подготовки кадров». Материалы международной научно-практической конференции. Т.1. – Международный Казахско-Турецкий Университет имени Х.А. Яссави. – Туркистан, 2011. С. 16-21.

О.К. Шеденов, Н.О. Шеденова

Новые приоритеты в социально-экономическом развитии Казахстана

Рассматриваются 10 ключевых направлений работы, раскрывающих суть нынешнего Послания Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева к народу «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана».

U.K. Shedenov, N.U. Shedenova

New priorities in the national social-economic development of Kazakhstan

Evaluating 10 key areas of work revealing the meaning of the last message of president of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev “Social-economic modernization is the main vector of development of Kazakhstan”.